«Жезқазған қалалық білім бөлімі» ММ
«Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК

«Бекітемін»
Балалар-жасөспірімдер
шығармашылы орталығының
басшысы
_____ Матышова А.Н.
«___» _____ 2026 ж.

Балалар мен жасөспірімдер арасында өлкеміздің өркениетін, тарихын және рухани мұрасын оқып үйрену,іздестіру-зерттеу жұмыстарына арналған «Ұлы Дала тарихы» Жобасы
2026-2030 жылдар

Жезқазған 2026 ж.

1.Жобаның толық тақырыбы: «Ұлы Дала тарихы»

2.Жобаға қысқаша аңдатпа: Ұсынылып отырған жоба өскелең өрендердің еліміздің тарихына қатысты тарихи шығармаларды өмірде орынды пайдалана білуге олардан тәрбие-тағылым, білім алуға ,өз өлкесіне қатысты деректерді іздеуге, тарихи құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Балалар санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл жоба – балаларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі бағдарламалық құжат.

Мақсаты:

-Патриоттық тәрбие, тұлғаның жан-жақты дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ұйымдасқан қызметтегі оқу-тәрбие жүйесін кешен ретінде балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуда біртұтас тәсілдерді қалыптастыру.

Міндеттері: Қойылған мақсатты жүзеге асыруда келесі міндеттерді шешу ұсынылады:

-Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу, әртүрлі материалдарды пайдалана отырып баяндама,рефераттар,ғылыми жобалар жасауға үйрету;

-Оқушылардың тарихи-ғылыми еңбектерін талдап,салыстырып,қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;

-Заманауи жағдайдағы балалар-жасөспірімдер туризмін, өлкетану және экскурсия жұмыстарын дамыту бағытында жаяу, тау, шаңғыдағы жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар өткізу арқылы ел мен жер байлығын, тарихын, мәдени мұраларын оқып -үйренуге жағдай жасау;

-Оқушылармен туристік-өлкетану іс-шараларын өткізуде педагогикалық тиімділіктің деңгейі мен ұйымдастыру сапасын, қауіпсіздікті арттыру;

-Туристік менеджмент саласындағы оқушылардың туристік-өлкетану жұмыс формаларының кәсіптік мүмкіндіктерін кең пайдалану;

4. Қатысушылар: Жезқазған қаласы мектеп және колледж оқушылары.

5. Орындау мерзімі: 15.01.2026-30.12.2030

6. Жоба жұмысына мінездеме.

Балалар осы жобамен жұмыс жасай отырып, өзінің туған өлкесі жайлы аңыз, әңгіме мен естеліктермен танысады және өзіндік зерттеу жұмысын жүргізеді, зерделейді, жоба құрып оны қорғауды үйренеді.

Осылайша жеке жұмыс істеуге тәжірибе жинақталады, ақпараттар іздеу секілді рефлексия дағдылары дамиды және өз бетімен ізденуге дағдыланады.

Өскелең өрендердің өз өлкесі туралы білімдерін терең меңгерту арқылы елжандылыққа тәрбиелеу, дамыту, өлкетану материалдары негізінде оқушылардың қосымша білім алуын қамтамасыз етуді көздейді.

Өзектілігі: Қазіргі жаһандану заманында бұл жоба балаларға өз тамырын ұмытпауға және тарихты заманауй тілде түсінуге көмектеседі, жаңа білімді адамды сондай-ақ жас ұрпақтың бойына ұлттық бірегейлікті қалыптастырады.

Ресурстары:

-«Қазақмыс» жанындағы Қ. И. Сәтпаев атындағы мұражайы,
-Жезқазған облысының тарихи – археологиялық музейі,
-қалалық мұрағат бөлімі,
-қалалық денешынықтыру және спорт бөлімі,
- Ұлытау облыстық шыңға өрмелеу, туризм және туристік көпсайыс федерациясы,
-ғаламтор көздері,
-жинақ материалдары.

Материалдық техникалық жағдайы: Бөлімнің материалдық - техникалық базасы іс-шаралар өткізуге жеткіліксіз туристік *құрал-жабдықтармен* толықтыруды қажет етеді:
-туристік шатырлар
-рюкзактар, ұйқы қаптары
-компас
-альпинистік арқан-жіптер
-жорық қауіпсіздік жабдықтары
-қысқы жорық жабдықтары

Өткізу әдіс тәсілдері:
-Туристік жорықтар,
-жарыстар, туриадалар, слеттер,
-экскурсиялар, экспедициялар, саяхаттар,
- байқаулар, көрмелер т.б. іс шаралар арқылы өткізіледі.

Әдістемелік қамтамасыз етілуі:
-әдебиеттер
- іс-шаралардың жиынтығы
- іс-шаралар әзірлемесі
- видео материалдар
-интернет көздері
- фотоматериалдар
- брошюралар
-газет-журнал материалдары
- публикация

Балалар мен жасөспірімдер туризмінің жағдайын талдау: Өлкемізде білім беру жүйесінде балалар мен жасөспірімдер туризмі 1973 жылдан бері жұмыс істеп, бүгінгі күнде балалар туристік-өлкетану қызметі қалыптасқан. Қазіргі кезде Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Туризм және өлкетану» бөлімі жұмыс жасап, онда балалардың сұранысын қанағаттандыру, шығармашылығын дамытуда «Жас турист», «Өлкетанушылар», «Туристік көпсайыс», «Жаяу туризм», «Тау туризмі», «Спорттық бағдарлау», «Жас турист- құтқарушылар», «Жас турист-нұсқаушы», «Жезтур», «Құзға өрмелеу», «Тоғызқұмалақ» спорттық туризм, туристік көпсайыс және өлкетану үйірмелері ұйымдастырылып, қала мектептерінен 300-ден аса бала қатысуда.

Оқу жылы бойына туризм үйірмелеріне қатысушылар арасында спорттық бағдарлау, тау туризмі, жаяу туризм, туристік эстафета, шаңғы туризмінен

т.б. туристік жарыстар, слеттер, туриадалар өткізіліп туристік білімдері ме біліктіліктерін арттыра түсуде. Сондай-ақ, жыл сайын «Аймақтық туристік слетін», халықаралық туризм күніне арналған «Алтын күз» туристік жарысын, мектеп оқушылары арасындағы қалалық шаңғы туризмі жарысы, оқушылар арасында спорттық туризмнен қалалық Чемпионатын, Білім беру қызметкерлері арасында туризм техникасы жарысын өткізу дағдыға айналған.

Оқушылардың **«Менің Отаным-Қазақстан»** туристік өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын жүздеген жас туристер мен олардың жетекшілері қатысатын әртүрлі маршруттар бойынша жаяу, тау, шаңғыдағы жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар және мектеп оқушыларына руханитарихи құндылығы бар жерлерге экскурсиялар, экспедициялар ұйымдастырылуда. Осындай іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тұрақты қызығушылықтарын және ерте кәсіби бағытталуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызуда.

Проблемалары: Балалар мен жасөспірімдер туризміне әсер ететін жағдайлар мен факторларды талдағанда өлкемізде бұл бағыттың қарқынды дамуын қиындататын негізгі себептерді белгілеуге болады. Ол арнайы *ғимараттың, спортзалдардың, арнайы скалодромның, мультимедиялық* жабдықтардың жоқтығы, *автотранспортпен* қамтамасыз етілмеуі және туристік *жабдықтардың* ескіргені, жетіспеушілігі, *материалдық техникалық базаның* нашарлығы балалар туризмнің дамуын қиындататын негізгі себеп болатыны айқын. *Қаражаттың қиындығынан аз қамсыздандырылған жағдайы қиын отбасы балалары туризмнің іс шараларымен толықтай қамтылмаған.* Спорт туризмінде *дарынды* балаларды қолдау жеткіліксіз.

Балалар мен жеткіншектер туризмін қолдау, туристік қызметті мемлекет саясатының басымдылығы ретінде мойындау туристік саланың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды орын алуына мүмкіндік беретіндігі ескеріліп Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы ұстаздар ұжымымен талқылау өткізіліп, өлке балалар туризмін дамыту бойынша 2026-2030 жылдарға арналған балалар мен жасөспірімдер арасында өлкеміздің тарихын және рухани мұрасын оқып үйрену,іздестіру-зерттеу жұмыстарына арналған *«Ұлы Дала тарихы»* кешенді жобасы жасалынды

Атқарылатын жұмыс түрлері: Жасөспірімдерді туристік-өлкетану жұмыстарының белсенділігін арттыру мақсатында *салауатты өмір салтын* насихаттайтын іс-әрекеттер, *туристік*, *өлкентану* және *экология* бағыттары арқылы келесі жұмыстар жүргізіледі.

1.Балалар мен жасөспірімдер туризмінің инфрақұрылымын дамыту және балалар мен жасөспірімдер туризмі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

№	Іс- шаралар	Орындау мерзімі	Жауаптылар

1.1	Балалар мен жасөспірімдер туризмі жүйесін дамыту мәселелері бойынша қалалық үйлестіру кеңесін құру	2026 ж .	Білім бөлімі БЖШО
1.2	Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың өңірлік жоспарын әзірлеу	2026ж	Білім бөлімі БЖШО
1.3	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы туристік шатырлы демалыс лагерлерін ашу	2027-2030 ж	БЖШО Туризм бөлімі
1.4	Туристік-өлкетану үйірмелерін арнайы туристік жабдықтармен қамтамасыз ету	2027-2030	Білім бөлімі БЖШО
1.5	Жалпы білім беретін мектептерде туризм, өлкетану,экология үйірмелерін ашу.	2027-2028	Білім бөлімі мектептер
1.6	Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығындағы скалодромға альпинистік керек-жарақтармен қамтамасыз ету	2027-2029	Білім бөлімі БЖШО
1.7	Мектеп спорт залында құзға өрмелеу (скалодром) орнату	2027-2029	Білім бөлімі
1.8	Туристік-экскурсиялық қызметті жандандыру үшін транспортпен қамтамасыз ету	2026-2029	Білім бөлімі БЖШО
1.9	Мультимедиялық жабдықтар , түрлі ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету	2026-2027	Білім бөлімі БЖШО
1.10	ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 26.07.04. «Жалпы білім беретін мектептерді туристік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» №649 бұйрығына сай мектептерді туристік құрал жабдықтармен қамтамасыз ету.	2026-2029	Білім бөлімі

II. Ғылыми-әдістемелік және нұсқаулық жұмыстармен қамтамасыз ету

2.1	Туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар дайындау	2026-2030	Туризм бөлімі
2.2	Мектепшілік туристік - өлкетану жұмыстарын жоспарлау үлгісі (әдістемелік әзірлеме)	2027	Балтабаев Н.А.

2.3	Білім беру мекемелерінде туристік-өлкетану жұмысы құжаттарын жүргізу туралы нұсқау	2027	Білім бөлімі Туризм бөлімі
2.4	Оқушылармен туристік саяхат, жорықтарды тиімді ұйымдастыру жұмыстары (әдістемелік әзірлеме)	2027	Балтабаев Н.А.
2.5	«Туризм және өлкетану» қосымша білім беру бағдарламасын дайындау және баспадан шығарту	2027-2029	БЖШО Туризм бөлімі
2.6	Өтілетін туристік жарыстар, слеттердің ережелерін дайындау.	Кесте бойынша	Туризм бөлімі
2.7	Туристік-өлкетану бағыты бойынша балалар білімінің бағалау сапасы мен нәтижелілік белгісін әзірлеу		БЖШО Туризм бөлімі
2.8	«Жас саяхатшы» әдістемелік журналын шығарту	Жылына 2 рет	БЖШО Туризм бөлімі
2.9	Қосымша білім беру педагогтарын ҚР оқу-ағарту министірлігі әзірлеген нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етіп отыру	уақтылы	Білім бөлімі БЖШО
2.10	Ұлытау облысындағы тарихи орындар картасы-тізімін құрастыру.	2027-2028	БЖШО Туризм бөлімі
2.11	Балалар мен жастар туризміне арналған арнайы өңірлік сайттар ашу	2026	БЖШО Туризм бөлімі

III. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау

3.1	ҚР ОАМ ұйымдастыратын туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру курстарына қатысу	Кесте бойынша	БЖШО Туризм бөлімі
3.2	«Әдістемелік вернисаж» Республикалық педагогикалық жұмыс фестиваліне қатысу	Ережеге сәйкес	Туризм бөлімі
3.3	Мектеп мұғалімдерімен туристік жарысты ұйымдастыру және төрелік ету бойынша семинар өткізу	Жыл сайын мамыр	БЖШО Туризм бөлімі
3.4	Республикалық, облыстық семинар, конференцияларға қатысу, тәжірибе алмасу	Кесте бойынша	БЖШО Туризм бөлімі

IV. Балалармен өткізілетін туризм іс-шаралары.

4.1	а) «Туған ел шежіресі-20..» өлкетану іздестіру-зерттеу презентация байқауын өткізу (үйірмеаралық) б)Үйірмеаралық туристік сайыстар	Жыл сайын Ай сайын	БЖШО Туризм бөлімі Туризм бөлімі
4.2	Қалалық туристік-өлкетану байқауы,көрме,конференция өткізу	Екі жылда бір рет	Білім бөлімі БЖШО
4.3	Халықаралық туризм күніне арналған «Алтын күз» қалалық, облыстық туристік жарысын ұйымдастыру	Жыл сайын қыркүйек	Білім бөлімі Туризм бөлімі
4.4	Оқушылар арасында қалалық, облыстық шаңғы туризмі жарысын өткізу	Жыл сайын ақпан	Білім бөлімі, БЖШО
4.5	Оқушылар арсында спорттық туризмнен қалалық Чемпионаттарды өткізу	Жыл сайын мамыр	Білім бөлімі Туризм бөлімі
4.6	Оқушылар арсында спорттық туризмнен облыстық Чемпионаттарды өткізу	Екі жылда бір рет	Облдепартамент БЖШО
4.7	Білім беру қызметкерлері арасында туризм техникасы жарысын өткізу	Екі жылда бір рет	Білім бөлімі Туризм бөлімі
4.8	Елімізде және өлкемізде жоғары дәрежелі, көпкүндік жорықтар өткізу	каникул	Туризм бөлімі
4.9	Республикалық, облыстық, аймақтық туристік жарыстарға қатысу	Ережеге сай	Туризм бөлімі
4.10	Қазақстанның тарихи орындарына, әсем қалаларына танымдық саяхаттар ұйымдастыру	Каникул уақыттары	Туризм бөлімі
4.11	Оқушылар арасынан гид (экскурсияны жүргізушілерді) дайындау	2026-29	Туризм бөлімі
	Тарихи – архитектуралық ескерткіштеріне саяхат		
4.12	Алашахан мазары XII-XIII ғ.ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
4.13	Жошы хан мазары XIII-XIV ғ.ғ	2027-30	Туризм бөлімі
4.14	Домбаул кесенесі IX-XI ғ.ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
4.15	Аяққамыр кесенесі – XII ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
4.16	Болған Ана» кесенесі XIII ғ	2027-30	Туризм бөлімі
4.17	Құлан Ана» кесенесі XIII ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
4.18	Жанаарқа. Жұбан ана кесенесі	2027-30	Туризм бөлімі
	Тарихи археологиялық ескерткіштеріне саяхат		
4.19	Шотқара қалашығы IX-XI ғ.ғ	2027-30	Туризм бөлімі

4.20	Басқамыр қалашығы	2027-30	Туризм бөлімі
4.21	Аяққамыр қалашығы XII ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
	Ұлы Даланың тарихи тұлғалары (саяхат)		
4.22	Едіге мен Тоқтамыс хан жатқан «Едіге шыңы».	2027-30	Туризм бөлімі
4.23	Ұлытауда Ақшоқы биігіне қалдырған Темірланның тас плитасы	2027-30	Туризм бөлімі
	Өлкенің тарихи орындарына саяхат		
4.24	Хан Ордасы IX-XI ғ.ғ.	2027-30	Туризм бөлімі
4.25	Әулие шыңы.	2027-30	Туризм бөлімі
4.26	Теректі әулие петроглифтері.	2027-30	Туризм бөлімі
4.27	Степлаг. Жезқазған еңбекпен түзеу лагерінің тарихы	2027-30	Туризм бөлімі
4.28	Кейкі батыр үңгірі.	2027-30	Туризм бөлімі
4.29	Бұланты шайқасы XVIII *ғ.*	2027-30	Туризм бөлімі
4.30	Қарсақбай зауыты	2027-30	Туризм бөлімі
4.31	Ұлытау.Шеңбер ауылының аумағында орналасқан Дәбей мазары, «Мақат сағанасы» - мұсылмандық мазары,	2027-30	Туризм бөлімі
4.31а	«Туған өлкенің тарихи орындарынан – Қазақстанның киелі жерлеріне дейін» экспедициялар ұйымдастыру	2027-30	БМЖС Туризм бөлімі
	Өлкетану іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу		
4.32	Туған өлке тарихы.	2027-30	Туризм бөлімі
4.33	Өлке өнеркәсібінің өркендеуі	2027-30	Туризм бөлімі
4.34	Өлкенің белгілі адамдары	2027-30	Туризм бөлімі
4.35	Менің қаламның көшелері	2027-30	Туризм бөлімі
4.36	Туған жердің таланттары	2027-30	Туризм бөлімі
4.37	Менің мектебімнің тарихы	2027-30	Туризм бөлімі
4.38	«Сәулет өнері» мәдени ескерткіштері	2027-28	Туризм бөлімі
4.39	Ұлы Даланың тарихи тұлғалары	2027-30	Туризм бөлімі
4.40	«Степлаг» саяси қуғын-сүргін лагері жайлы деректер	2027-28	Туризм бөлімі
4.41	Гидрография:Кеңгір су қоймасы және Жезқазған-Ұлытау өңірінің өзендері	2027-30	Туризм бөлімі
4.42	Жанаарқа. Жұбан ана тарихы	2027-28	Туризм бөлімі
	Табиғат тағылымы		
4.43	Ұлытау ормандары,дәрілік шөптері	2027-30	Туризм бөлімі
4.44	Шеңбер.Ақжал жалдары тарихы	2027-30	Туризм бөлімі

Жобаны аяқтау: Жоба материалдары бойынша балалар сайыстарға, байқауларға, іздестіру жұмыстарына қатысады.

Күтілетін нәтиже

Балалар мен білім алатын жастар арасында туристік өлкетану қызметін көпшілік тұрғыда (массалық) дамытудың тиімді жүйесі құрылатын болады. Балалар-жасөспірімдер туризмін үйлестіруші орталық, жас туристер бөлімі жұмысы жанданып балалар мен жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеу, экскурсия, саяхат, жорықтарды ұйымдастыру және өткізу саласында бірегей саясатты іске асыратын болады.

Туризм және спорттың көптеген түріне балаларды қамту ұлғаятын болады.

Түрлі іс шаралар өткізу арқылы балалар мен жасөспірімдердің туристік-спорттық шеберліктерін арттыру, дене тәрбиесін дұрыс жолға қою және денсаулық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіншілік туады. Осылайша жеке жұмыс істеуге тәжірибе жинақталады, ақпараттар іздеу секілді рефлексия дағдылары дамиды және өз бетімен ізденуге дағдыланады, өзін өзі дамытады, білім мен ой-өрісін жетілдіреді, көшбасшылық бітімді игеруіне ықпал етеді

Ең бастысы туризм мен өлкетану жұмысын тәрбиенің бір құралы ретінде пайдалана отырып, балалар арасында туристік-өлкетану жұмыстарының белсенділігін арттыру арқылы салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру, қызығуы мен қалауына қолайлы жағдай жасау, сұранысын қанағаттандыруға және кәсіби мамандық таңдауына жағдай жасалынады.

Туған өлкені тану, мәдениет және тарихи ескерткіштермен, қоршаған ортамен танысу практикасы арқылы экологиялық мәдениет артады.

Өлкемізде ішкі туризмді дамытумен қатар, сырттан туристерді тарту арқылы жаңа жұмыс орындары ашылады, жергілікті жастардан туризм кадрларын дайындау мүмкіншілігі туындайды.

Аймағымызда жоғары дәрежелі туристік қызмет көрсету мүмкіншілігі пайда болады.